

Мамиев Қ.С., Балабеков О.С.



**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ О МАГИСТЕРСКОЙ
ДИССЕРТАЦИИ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Әдістемелік құрал

ШЫМКЕНТ, 2016

ӘОЖ 378
БКК 74.58
М12

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің Ғылыми кеңесінде талқыланып, баспаға ұсынылған (№3 хаттама, 30.10.2015).

Пікір бергендер: **1. Ш.Молдабеков, т.ғ.д., профессор**
 2. С.Серманизов, т.ғ.д., профессор

Құрастырғандар: филол.ғ.к. Қ.С.Мамаев, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі О.С.Балабеков.

Жауапты редактор: Молдалиева Д.Ә.

Қ.С.Мамаев, О.С.Балабеков

М12 Магистрлік диссертация туралы ереже: өңделіп, қайта басылған.
– Шымкент: АӘИУ, 2016.– 42 бет.

ISBN 978-9965-07-957-3

Бұл ереже магистрлік диссертация құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын анықтайды. Ереже магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі қызметкерлеріне арналған.

ӘОЖ 378
БКК 74.58

ISBN 978-9965-07-957-3

1. Қолданылу саласы

Бұл Ереже магистрлік диссертацияның құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын анықтайды. Ереже магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі қызметкерлеріне арналған.

2. Нормативтік сілтемелер

Бұл ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалынды:

2.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі N319 “Білім туралы Заңы”.
2.2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысымен бекітілген “Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты”.
2.3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің 2004 жылдың 28 қыркүйегіндегі №377-Зж бұйрығымен бекітілген “Диссертация және авторефератты рәсімдеуге арналған нұсқаулық”.
2.4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 бұйрығымен бекітілген “Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесі”.
2.5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығымен бекітілген “Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі”.

3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N319 “Білім туралы Заңына”, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысымен бекітілген “Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына” сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылған.

3.1 Терминдер мен анықтамалар

Магистр	– магистратураның білім беру бағдарламасын игерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже.
Магистрлік диссертация	– магистранттың өз бетінше ғылыми және зерттеу жұмыстарының белгілі пәнді біліктілік саласындағы нәтижесінің қорытындысы.

3.2 Қысқартулар

АӘИУ	– Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті
МАК	– Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
ҚР МЖМБС	– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖООКББ	– Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі

4. Жауапкершілігі

Бұл Ережені орындауға және оның қолданылуына магистрлік диссертациялардың жетекшілері, кафедра меңгерушілері жауапты.

5. Жалпы ережелер

5.1 Магистр академиялық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация нақты бағытта орындалған, бітірушіні білімнің белгілі бір саласында ғылыми мәселелерді шешіп, тұжырымдама жасай алатын ғылыми қызметкер ретінде көрсететін білікті ғылыми еңбек болуы керек.

5.2 Магистрлік диссертация магистранттың доктор не ғылым кандидаты дәрежесі, академиялық доктор PhD/мамандығына сай дәрежесі бар, бұл салада іс-тәжірибесі мол ғылыми жетекшісінің жетекшілігімен өз бетінше орындалуы керек.

5.3 Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны орындау үшін тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияны орындау үшін магистрантқа магистрлік диссертацияның барлық кезеңін қамтитын жұмыстың күнтізбелік кестесін жасауға жәрдем береді;
- магистрантқа қажетті негізгі әдебиетті, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және басқа тақырыпқа байланысты материалдарды ұсынады;
- Магистранттың магистрлік диссертациясының күнтізбелік кестесінің орындалуына ағымдық бақылау жүргізетін кеңес беру кестесін түзеді;
- Магистрлік диссертацияның барлық бөлімдерінің көлемін нақтылап, магистранттың жұмысын үйлестіреді.

5.4 Магистрлік диссертация бүгінгі күнгі ғылым мен практиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс. Сонымен бірге, ғылыми зерттеудің заманауи әдістері пайдаланылып, қорғауға ұсынылатын негізгі мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдері, нақты практикалық ұсыныстары болуы қажет. Диссертация білім саласының алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесіне негізделуі керек.

5.5 Магистрлік диссертацияның тақырыбы университет Ғылыми кеңестің шешімімен магистрантқа нақтыланып, ректордың бұйрығымен

бекітіледі. Ол ғылым үшін өзекті, бұл бағыттағы ғылым мен техниканың бүгінгі жағдайына сай және міндетті түрде кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларымен байланысты болуы керек.

5.6 Магистрлік диссертацияның авторы алған негізгі ғылыми нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көруі арқылы міндетті түрде апробациядан өтуі керек. Жарық көретін еңбектің ең аз саны - 2 ғылыми мақала. Аймақтық, республикалық, халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, мәжілістердің тезистері, шолу ақпараттары, аналитикалық талдаулар, кем дегенде 0,3 б.т. ақпараттық парақтар және патенталды құжаттар (патенттер) басылымға жатады.

6. Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар

6.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне

- сыртқы беті (нөмірленбейді, 1-қосымша);
- титуль парағы;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- нәтиже не қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (міндетті түрде түпнұсқа бойынша);
- қосымшалар;
- мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі диссертацияның рефераты жатады.

6.2 Титул парағы магистрлік диссертацияның бірінші беті болып саналады және құжатты рәсімдеу мен іздеуге қатысты ақпарат тетігі қызметін атқарады.

Титул парағы диссертацияның жалпы нөмірлеуіне кіреді. Титул парағына нөмір қойылмайды. Титул парағы 2-қосымшаға сай рәсімделеді.

6.3 Магистрлік диссертацияның мазмұны кіріспеден, рет сандары көрсетілген бөлімдердің аттарынан, бөлімшелерден, баптардан (егер оның аты бар болса), нәтижеден не қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және бет нөмірі міндетті түрде диссертацияда көрсетілетін қосымшалардан тұрады. Магистрлік диссертацияның мазмұны 3-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

6.4 Магистрлік диссертацияның мәтіні келесі талаптарға сай болуы керек:

- зерттеу тақырыбының мамандықтың пәндік-біліктілік саласына сай өзектілігі;
- мамандыққа сай нәтиженің ғылым мен педагогика саласындағы жаңашылдығы,

- қорғалатын мәселелердің ғылыми маңыздылығы;
- инновациялық қызметтегі практикалық маңыздылығы мен негізгі мәселелердің шешілу жолдары;

Диссертацияны рәсімдеуде көрсетілген баптар «Кіріспе» бөлімінде нақты мазмұндалуы керек.

6.5 «Нормативтік сілтемелер» атты құрылымдық элемент диссертация мәтінінде бұл туралы сілтемелер берілген стандарттар тізімінен тұрады. Сілтемелер жасалған стандарттардың тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалған...». Тізімге стандарттардың аттары мен белгілеулері белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарай тәртіппен орналастырылады.

6.6 «Анықтамалар» атты құрылымдық элемент магистрлік диссертациядағы терминдерді нақтылауға не бекітуге қатысты анықтамалардан тұрады. Анықтамалар тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен пайдаланылған...».

6.7 «Белгілеулер мен қысқартулар» атты құрылымдық элемент магистрлік диссертацияда қолданылған белгілеулер мен қысқартулардан тұрады. Олар диссертация мәтінінде кездесуіне қарай берілген қажетті талдау мен түсініктемеден тұрады. Анықтамалар, белгілеулер және қысқартуларды «Анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар» деген құрылымдық элемент ретінде де беруге болады.

6.8 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, басқа ғылыми-зерттеу бағдарламаларымен байланыстылығы, сонымен бірге зерттеудің мақсаты мен міндеттері, оның жалпы ғылыми-зерттеу жұмысында алатын орны көрсетілуі керек.

6.9 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың негізгі әдістемесі және негізгі нәтижелік көрсеткіші берілуі тиіс.

6.10 Негізгі бөлімге:

- зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, мәселені шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты орындауда таңдалынған әдістемені мазмұндау;

- теориялық және (не болмаса) эксперименттік зерттеу процесі, сонымен бірге теориялық зерттеулердің ерекшелігі мен мазмұнын, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмыстың қажеттігін негіздеу;

- зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау және жұмыстың келешектегі бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтиженің дұрыстығын бағалау және оны отандық, шетелдік жұмыс нәтижелерімен салыстыру;

- әрбір тарау, бөлім бойынша қысқаша қорытындылар енеді.

6.11 Қорытынды:

- диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша қысқаша қорытындыларды;

- қойылған міндеттердің толық орындалуының бағалауын;
- жұмыс нәтижесін білім берудің инновациялық қызметінде, ғылым мен өндірісте нақты пайдаланудың ұсыныстары мен деректер талдамасын;

- орындалған жұмыстың техникалық-экономикалық деңгейін осы саладағы жақсы жетістіктерімен салыстыруды не бизнес-жоспарды қамтуы тиіс.

6.12 Әдебиеттер тізімі магистрлік диссертацияны дайындауда пайдаланылған әдістер жайындағы мәліметтерден тұруы керек. Тізім 4-қосымшаға сай рәсімделінеді.

6.13 Қосымшаға диссертациялық жұмысты орындауға байланысты қандай да бір себептермен негізгі бөлімге ендірілмеген материалдарды: эксперименттік зерттеу мен сауалнама нәтижелерін, статистикалық көрсеткіштерді ендіру ұсынылады.

6.14 Магистрлік диссертацияның рефератына келесі мәліметтер кіреді:

- диссертацияның көлемі мен құрылымы ;
- иллюстрациялар, кестелер (бар болса), пайдаланылған әдебиеттер тізімінің саны;

- кілттік сөздердің тізімі (15-16 сөз);

- зерттеудің өзектілігі;

- зерттеу мақсаты;

- зерттеу объектісі;

- алынған нәтижелер, оның жаңашылдығы, ғылыми және практикалық маңыздылығы;

- Басылымдар бойынша мәліметтер.

Рефераттың көлемі 1 интервалмен жазылған 8-16 бетті құрайды.

6.15 Рефератқа орыс және ағылшын тілдеріндегі резюмелер (әрқайсысы 1 беттен) енгізіліп, магистрдің қолы қойылады.

7. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу ережелері

Жалпы ережелері

7.1.1 Магистрлік диссертацияның мәтінін дайындау осы Ереженің талаптарына сай орындалады. Магистрлік диссертацияның мәтінінің парақтары мен оларға енген суреттер мен кестелер А4 форматына сай болуы керек.

7.1.2 Магистрлік диссертация баспа құрылғысы не графикалық құрылғылар арқылы компьютерде А4 форматты ақ парақтың бір жағына бір интервалмен басылуы тиіс. Қаріп түрі – қалыпты, кегль – 14. Магистрлік диссертацияның мәтіні келесі шектік өлшемдерді сақтау арқылы параққа басып шығарылуы тиіс: оң жағы - 10мм, жоғарғы жағы - 20мм, сол жағы - 30мм, және төменгі жағы - 20 мм.

7.1.3 Магистрлік диссертацияның көлемі гуманитарлық мамандықтар үшін кем дегенде – 70-100 бет, жаратылыстану және техникалық бағыттары мамандықтары үшін – 70-90 бет.

7.1.4 Белгілі бір терминдерге, формулаларға және теоремаларға назар аудару үшін түрлі гарнитуралы компьютерлік қаріптерді қолдануға рұқсат етіледі.

7.1.5 Диссертацияның орындалу тәсіліне қатыссыз мәтіннің басылу сапасы мен иллюстрациялары, кестелері талапқа сай анық болуы керек.

7.1.6 Магистрлік диссертацияны орындауда кескіндердің бейнеленуі, тығыздығы бүкіл диссертация көлемінде бірдей, анық болуы керек. Магистрлік диссертацияда әріптер, цифрлар мен белгілер нақты бейнеленуі керек.

7.1.7 Мәтінді құжаттар парағының бүлінуіне, бұрынғы мәтіннің (графиканың) толық тазартылмай кір іздерінің сақталуына жол берілмейді.

7.1.8 Диссертацияда кісінің аты-жөндері, мекеменің, ұйымдардың, фирмалардың, өнімдердің аттары және де басқа жалқы есімдер түпнұсқа тілінде келтіріледі.

7.1.9 Жалқы есімдер мен ұйымдар атауларын диссертация тіліне аударуда түпнұсқа атауы (алғашқы берілуінде) қосып келтіруге жол беріледі.

7.2 Магистрлік диссертацияның құралуы

7.2.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтерінің атаулары – «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» – диссертацияның құрылымдық элементтері тақырыбының қызметін атқарады.

7.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыптары үлкен әріппен жол ортасына нүктесіз енгізіледі.

7.2.3 Бөлімдердің, бөлімшелердің және баптардың тақырыптары қызыл жол (абзац) арқылы (міндетті түрде 4 әріптік орынға не 1 см-ге тең) үлкен әріппен соңына нүкте қойылмай енгізіледі. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүкте арқылы ажыратылады. Тақырыпта сөздерді тасымалдауға болмайды.

7.2.4 Магистрлік диссертация мәтінін компьютер арқылы ендіруде бөлімшелердің тақырыптары қою түсті қаріппен ерекшеленуі тиіс.

7.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтердің тақырыптары аралығында «бос жол» (0,7мм) қалдырылады.

7.3 Магистрлік диссертацияның беттерін нөмірлеу

7.3.1 Магистрлік диссертацияның беттері араб цифрларымен диссертацияның бүкіл мәтінін қамту арқылы нөмірленеді. Бет нөмірі беттің төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

7.3.2 Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуі құрамына енеді. Титул парағында беттің нөмірі қойылмайды.

7.3.4 Жеке парақта орналасқан иллюстрациялар мен кестелер диссертацияның беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді.

7.3.5 А3 формат парағына енгізілген иллюстрациялар мен кестелер бір бет болып есептеледі.

7.4 Магистрлік диссертацияның бөлімдерін, бөлімшелерін, баптарын, кіші баптарын нөмірлеу.

7.4.1 Магистрлік диссертация бөлімдерінің бүкіл құжат бойынша қызыл жолдан (абзацтан) басталып, нүктесіз араб цифрымен белгіленген реттік саны болуы керек.

7.4.2 Егер құжаттың бөлімшелері болмаса, баптардың нөмірленуі әрбір бөлім аясында болып, баптың нөмірі бөлім мен баптың нөмірінен нүктемен ажыратылып берілуі керек. Егер құжаттың бөлімшелері болса, онда нөмірлеу бөлімше аясында болып, баптың нөмірі нүктемен ажыратылатын бөлім, бөлімше және бап нөмірінен тұрады.

7.4.3 Егер мәтін тек баптарға бөлінсе, онда бүкіл магистрлік диссертация жұмысы бойынша реттік сандармен нөмірленеді.

7.4.4 Қажеттілігіне қарай баптар кіші баптарға бөлінеді. Және оның әр бап бойынша реттік саны болуы керек, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.с.с.

7.4.5 Магистрлік диссертацияның әрбір құрылымдық элементі жаңа парақтан (беттен) басталуы тиіс.

7.4.6 Магистрлік диссертация құрамындағы парақтар мен қосымшалардың нөмірлері тұтас болуы керек.

7.5 Иллюстрациялар

7.5.1 Иллюстрациялар (сызбалар, кестелер, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) міндетті түрде магистрлік диссертацияның мәтінінен кейін орналасып, сол бетте, не кейінгі бетте алғашқы мәліметтер берілуі керек. Иллюстрациялар түрлі-түсті етіп компьютерде дайындалуы да мүмкін. Диссертацияда барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі керек.

7.5.2 Иллюстрация «Сурет» сөзімен белгіленеді. Егер сурет біреу болса, ол «1-сурет» деп белгіленеді де, оның аты жолдың ортасына жазылады. Иллюстрация нөмірлері магистрлік диссертация аясында (араб цифрымен) тұтас беріледі. Мәтінде әрбір иллюстрацияға сілтеме жасалынуы тиіс. Иллюстрацияға сілтеме, мысалы, «2-суретке сай...» түрінде беріледі.

7.6. Кестелер


7.6.1 Сандық материал міндетті түрде кесте түрінде рәсімделеді. Кестені рәсімдеу 1-суретте көрсетілген.

7.6.2 Кесте диссертацияда міндетті түрде мәтіннен кейін орналасады, ол туралы алғашқы мәлімет қоса беріледі, не кейінгі бетте беріледі.

7.6.3 Кестені ендіруде графаның тақырыбынан кейін графаның нөмірі көрсетілген жол қосу керек. Кестенің жалғасына графаның аты ендірілмейді, тек графаның нөмірі көрсетіледі.

7.6.4 Диссертацияда барлық кестелер үшін сілтемелер болуы керек. Сілтеме кестенің нөмірінен кейін сызықша арқылы ендірілген «кесте» сөзінен тұрады.

7.6.5 Көп жолды кестелерді келесі параққа (бетке) бөліп орналастыруға болады. Кестенің бөлігін келесі параққа (бетке) енгізгенде, оның нөмірі мен «кесте» сөзі кестенің алғашқы бөлімінің оң жағында бір рет қана көрсетіледі, қалған бөліктерінің үстінде кестенің нөмірі мен «жалғасы» сөзі жазылады, мысалы «1-кестенің жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) бөліп орналастырғанда тақырып оның тек алғашқы бөлігінің жоғары жағында ғана жазылады.



1-сурет. Кестені рәсімдеу үлгісі.

7.6.6 Кестені екіге бөлу барысында оның алғашқы бөлігінің соңғы жатық жолының астыңғы сызықтары сызылмауы тиіс.

7.6.7 Қосымшадағы кестелерден басқа кестелерді араб цифрларымен бірінен соң бірін нөмірлеу керек.

7.6.8 Графалардың тақырыптары мен кестелердің жолдары үлкен әріппен жекеше түрде, ал графалардың кіші тақырыптары, егер олар тақырыппен бір сөйлем құрса, кіші әріппен жазылады. Ал егер олар өз алдына мағыналы болса, онда үлкен әріппен жазылады. Кестелердің тақырыбынан және кіші тақырыптарынан кейін нүкте қойылады.

7.6.9 Кестелер сол, оң жағынан міндетті түрде сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтін қарпіне қарағанда көлемі кіші қаріпті қолдануға жол беріледі.

7.7 Формула мен теңдеулер

7.7.1 Формула мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға жазылады. Әр формуланың не теңдеудің жоғары және төменгі жағынан кем дегенде бір жолдан қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, ол теңдік (=), қосу (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:), не басқа математикалық амалдар белгісінен кейін ауыстырылады және белгі келесі жолда қайталады. Формуланы тасымалдауда көбейтуді «x» белгісімен көрсетеді.

7.7.2 Формулаларды диссертациялық жұмыстың басынан бастап сандармен жолдың оң жақ шетінде, дөңгелек жақшада араб цифрларымен нөмірлеу керек:

Мысалы:

$$A_i = \int_0^n \frac{(-1)^{n-i} t^{[n+1]}}{i!(n-i)!(t-i)} \frac{b-a}{n} dt = (b-a) \cdot H_i \quad (1)$$

$$H_i = \frac{1}{n} \int_0^n \frac{(-1)^{n-i} t^{[n+1]}}{i!(n-i)!(t-i)} dt, \quad i = 0, 1, \dots, n \quad (2)$$

7.8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

7.8.1 Диссертацияны дайындауда магистрант пайдаланылған материалдары не нәтижелері бойынша авторлар мен әдебиеттерге сілтеме беруі керек.

7.8.2 Әдебиеттер жайындағы мәліметтерді диссертацияда сілтеменің кездесуіне қарай араб цифрларымен нөмірлеп, қызыл жолсыз (абзацсыз) жазу керек.

7.8.3 Пайдаланылған әдебиеттерді тік жақшаға алу керек: [4]. Бір әдебиетке бірнеше сілтеме берілген жағдайда, әдебиеттің қатар нөмірінен басқа оның беттері көрсетіледі: [5, 7б.]. БАҚ ақпараттары пайдаланылғанда тік жақшада тек әдебиеттің нөмірі ғана көрсетіледі.

7.8.4 Стандарттар мен техникалық құжаттарға сілтеме жасалғанда, мәтінде олардың бекітілген жылынсыз тек белгіленуі көрсетіледі. Бірақ пайдаланылған әдебиеттер тізімінде олар туралы толық мәлімет берілуі тиіс.

7.9 Қосымшалар

7.9.1 Қосымшалар берілген магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде келесі беттерге рәсімделеді.

7.9.2 Диссертацияның мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер жасалуы тиіс. Қосымшалар диссертация мәтінде берілген сілтемелер тәртібімен орналасады.

7.9.3 Әр қосымша жаңа беттен оң жақ жоғары бұрышында «Қосымша» сөзін көрсету арқылы басталады.

7.9.4 Қосымшаның тақырыбы болады, ол мәтінге симметриялық түрде үлкен әріппен бөлек жолға жазылады.

7.9.5 Қосымша алфавиттің бас әрпімен А әрпінен басталып (Ә, З, Й, Ғ, О, И, Ы, Ы, Ъ әріптерінен басқа) белгіленеді. Қосымшаның ретін көрсететін әріп «қосымша» сөзінің алдына жазылады.

7.9.6 Қосымша құжаттың өзге бөлімдерімен бірге беттердің жалпы нөмірлеу санына кіреді.

8. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну

8.1 Бекітілген тәртіп бойынша рәсімделген магистрлік диссертация «қорғауға ұсынылады», «қорғауға ұсынылмайды» деген дәлелді қорытындысы жасалған ғылыми жетекшісінің пікірімен университеттің мамандық шығарушы кафедрасына алдын-ала қорғау процедурасын өтуге ұсынылады.

8.2 Магистрлік диссертация бойынша басқа ұйымнан ғылым докторы не кандидат дәрежесі бар, не болмаса мамандық бағыты бойынша PhD доктор атағы бар ресми рецензент тағайындалады.

8.3 Магистрлік диссертацияның ресми рецензенті университет Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде жұмыс істейтін орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және диссертацияның қорғалатын саласы бойынша негізгі басылымдары (кем дегенде 3 жұмыс) көрсетіліп, университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8.4 Ресми рецензент (оппонент) магистрлік диссертацияны зерттеу нәтижесінде дәлелді қорытынды мен «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген бағасы көрсетілген мамандығына сай академиялық магистрлік дәрежесі берілуі не берілмеуі мүмкін деген рецензия береді.

8.5 Ресми рецензенттің (оппоненттің) рецензиясы компьютерде басылып, берілген күні көрсетіліп, қолы қойылуы керек. Рецензенттің қолы өзі қызмет атқаратын ұйымның кадрлар бөлімінің басшысымен расталып, ұйымның мөрімен куәландырылады.

8.6 ҚР БҒМ 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгілерімін ағымдық бақылау мен аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережелеріне» сай университеттің мамандық шығарушы кафедрасында алдын ала қорғау өткен магистрлік диссертация кафедра құрған сараптама комиссиясының сараптамасынан өтеді.

8.7 Сараптама комиссиясы құрамына пән және зерттеу саласында білімі бар диссертацияда қорғалатын мәселелер бойынша екі не одан да көп басылымдарымен дәлелденіп, соңғы 5 жылда отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерде жоғары импакт-факторы бар кем дегенде 3 маман енуі керек.

8.8 Сараптама комиссиясына:

- толық дайындалған магистрлік диссертация;
- диссертацияның тақырыбы бекітілгені туралы құжат;
- магистранттың ғылыми жетекшісінің пікірі;
- магистрлік диссертацияның рефераты;
- бекітілген тәртіп бойынша расталған ғылыми басылымдар тізімі және олардың көшірмесі (6-қосымша).
- Бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі).

8.9 Сараптама комиссиясы арнайы формада жазбаша негізделген келесі шешімдерден тұратын қорытынды береді (7-қосымша):

- 1) диссертация көпшілік алдында қорғауға ұсынылады;
- 2) белгіленген мерзімде кемшіліктері жөнделген жағдайда диссертация көпшілік алдында қорғауға ұсынылады;
- 3) диссертация қорғауға ұсынылмайды.

8.10 Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа (пайдаланылған дереккөздерге және авторға сілтеме жасамау мәні бойынша) тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін жоғары оқу орнының өзі анықтайды.

9. Магистрлік диссертацияны қорғау процедурасы

9.1 Магистрлік диссертацияны қорғауды университет тарапынан құрылған мамандыққа сай МАК іске асырады.

9.2 МАК-тің магистрлік диссертацияны қорғауға байланысты мәжілісі оның төрағасының жетекшілігімен жүргізіледі.

9.3 Магистрлік диссертацияның қорғалуы төмендегі жағдайда жүзеге асады:

- 1) ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- 2) ғылыми баспада диссертация тақырыбында кемінде 2 мақала жарық көруі, халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда сөйлеген сөзі;
- 3) сараптама комиссиясының диссертацияны ашық түрде қорғауға берген ұсынысының жазбаша қорытындысы;
- 4) бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырыс хаттамасының көшірмесі);
- 5) қорғалатын жұмыс бейініне сай келетін маманның бір рецензенттің рецензиясы. Мұнда диссертацияның жан-жақты сипаттамасы, көрсетілген дәлелді қорытындысы және сол мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетіледі.

Ғылыми жетекші немесе /және бітіруші кафедрасы тарапынан «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынуға болмайды» деген қанағаттанарлықсыз қорытынды берілген жағдайда, магистрант магистрлік диссертациясын қорғау мүмкіндігінен айырылады.

9.4 МАК-қа, сонымен бірге, магистрлік диссертацияның ғылыми және практикалық құндылығы жайында басқа да материалдар, ресми емес пікірлер магистрлік диссертацияның мамандыққа сай практикалық қызметін атқаратын ұйыммен жазбаша келісімдер, ғылыми зерттеудің нәтижесін ендіру туралы анықтамалар мен ендіру актілері, макеттер т.б. ұсынылуы мүмкін.

9.5 Магистрлік диссертацияны қорғау МАК-тің ашық мәжілісінде оның кем дегенде 2/3 мүшесінің қатысуымен жүргізіледі.

9.6 Магистрлік диссертацияны қорғаудың МАК мәжілісінде ғылыми жетекшісі мен рецензенті міндетті түрде болуы керек.

9.7 Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақтығы 50 минуттан аспауы қажет. Магистрант 15 минут шеңберінде қысқа, әрі нақты

баяндама жасап, зерттеудің мақсаты мен міндетін, негізгі мәселелерді дәлелдеп, қорытынды жасап, ұсыныстар береді:

- орындалған жұмыстың көлемі;
- зерттеудің өз бетінше орындалуы;
- жұмыста жаңа технологияларды пайдалануы;
- әдеби шолудың толықтылығы және пайдаланылған әдебиеттердің заманауилығы;
- алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулерде, практикалық жұмыстарда не оқу процесінде қолдану мүмкіндігі;
- материалдың сауатты және нақты баяндалуы;
- талапқа сай безендірілуі;
- диссертацияны қорғаудағы баяндау сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді пайдалануы, көрнекілік материалдары т.б.);
- қорғау барысында берілген сұрақтар және рецензенттің ескертулеріне толық және дұрыс жауап беруі;
- жұмыс бойынша басылымдар саны, магистранттың ғылыми конференциялардағы баяндамалары;
- магистранттың тапсырыс беруші ұйымның, сондай-ақ мамандық шығаратын кафедраның тақырыптары бойынша талдамалар жасауға қатысуы.

9.9 Әр магистрантқа МАК хатшысы мәжілістің хаттамасын арнайы формада толтырады.

9.10 МАК мәжілістерінің барлық хаттама бланкілері нөмірленіп, МАК жұмысының басталуына дейін магистранттың қорытынды аттестаттауының әр формасы (кешенді емтихан, магистрлік диссертация қорғау) бойынша жеке кітап түрінде тігіліп, ЖООКБ бөлімінің мөрі басылады.

9.11 Магистрлік диссертация жұмысын қорғауды бағалау, академиялық дәреже мен мемлекеттік үлгідегі диплом беру туралы шешім МАК-тің мәжілісінде ашық дауыспен мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

9.12 Хаттамаларға МАК төрағасы және мәжіліске қатысқан мүшелер қол қояды.

9.13 Диссертациялық жұмыстың қорғау нәтижесі қорғау жүргізілген күні хабарланады.

9.14 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергендігін растаған және МАК-тың шешімімен магистрлік диссертацияны жариялы түрде қорғаған магистрантқа магистрлік диссертациясын қорғаған күннен бастап отыз күндік мерзімде тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасымен бірге мемлекеттік үлгідегі диплом тегін беріледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ (әмбебап ондық жүйелеудің индексі)

Қолжазба құқында

(Магистранттың толық аты-жөні)

(Магистрлік диссертацияның тақырыбы бас әріптермен берілуі тиіс)

6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша
педагогика ғылымдарының магистрі
академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған
магистрлік диссертация

ШЫМКЕНТ, 2015

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Қорғауға жіберілді»:
кафедра меңгерушісі

(кафедраның атауы)

(қолы)

(ғылыми дәрежесі, атағы және аты-жөні)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің меңгерушісі

(қолы)

(ғылыми дәрежесі, атағы және аты-жөні)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік диссертация

**ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ
(бастауыш сыныптың “Ана тілі” оқулығы мен хрестоматиясы бойынша)**

Мамандығы: _____ — _____

(шифры)

(мамандық аты)

Магистрант _____

(қолы)

(аты-жөні)

Ғылыми жетекшісі

(қолы)

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

ШЫМКЕНТ, 2015

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1.....	9
1.1.....	9
1.2.....	20
1.3.....	28
2.....	37
2.1.....	37
2.2.....	45
2.3.....	56
3.....	67
3.1.....	67
3.2.....	77
3.3.....	85
Қорытынды.....	91
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	93
Қосымшалар.....	95

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. -Алматы: Юрист, 2007. -192 б.
- 2 Ахабаев Ә., Бектаев Қ.Б. Текст единицалары және олардың сипаттамалары // Қазақ тексінің статистикасы. -Алматы: Ғылым, 1973. -23-48 б.
- 3 Бектаев Қ.Б., Зекенова А.Р. М.О.Әуезовтің драмалық шығармаларындағы зат есімдердің морфологиялық ерекшеліктері // Қазақ тексінің статистикасы. II шығарылуы. -Алматы: Ғылым, 1990. -130-139 б.
- 4 Қалыбеков Б. 50-жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы: филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 10.02.02. -Алматы, 2003. -25 б.
- 5 Бектаев К. Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. -Алма-Ата: Наука, 1978. -167 с.
- 6 Байтанаева Д.А. Информационные характеристики казахского текста. -Алма-Ата, 1985. -С.18.
- 7 Мамаева А.Қ. 1995-2002 жылдардағы “Әліппе” оқулықтарының жиілік сөздіктері. -Шымкент: Нұрлы бейне, 2007. -58 б.
- 8 Бектаев К.Б., Мамаев К.С., Жакипбекова Г.Т. Критерий отбора лексики для оптимального обучения казахскому языку // Сборник научно-методических трудов КазХТИ “Эффективные методы обучения и контроля”. -Шымкент, 1995. -С.44-45.

Ресми рецензенттің магистрант _____
(магистранттың аты-жөні)

мамандығы бойынша _____ магистрі
академиялық дәрежесін алуға ұсынылған « _____
_____ » тақырыбындағы магистрлік
диссертациясына

РЕЦЕНЗИЯСЫ

1. Тақырыптың өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (практика және ғылым мен техниканың сұраныстары).
2. Магистрлік диссертация шеңберіндегі ғылыми нәтижелері.
3. Магистранттың диссертацияда келтірген ғылыми нәтижесінің (ғылыми тұжырымдамасының) негізделуі мен нақтылығының, қорытындылауының дұрыстық деңгейі.
4. Магистранттың диссертацияда келтірген әрбір ғылыми нәтижесінің (тұжырымдамасының), қорытындысының жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалауы.
6. Диссертациядағы негізгі мәселелер бойынша зерттелудің негізгі мәселелерінің, қорытындысының дәлелденуі.
7. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктері.
8. Диссертацияның талапқа сай жазылуы.
9. Қорытынды.

Рецензенттің жұмыс орны _____

(қолы)

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Магистрант _____ ғылыми еңбектерінің тізімі

(Магистранттың аты-жөні)

№	Атауы	Жұмыс сипаты	Жарияланған басылымы, баспаның атауы, нөмірі, жылы, беттері	Көлемі (б.т.)	Қосалқы авторлардың аты-жөндері
1	2	3	4	5	6
1	Бастауыш сынып оқулықтарындағы есім сөздердің үлестірілуі	Мақала	“С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 55-жылдығына арналған «Аманжолов оқулары-2007» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2007. -260-264 б.	0,25	
2	Қазақ бастауыш сынып оқулықтары мәтіндерінің сөздік құрамын ортақ сөздіктер құру арқылы салыстыру	Мақала	Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. -2008. -№2(24). -69-75 б.	0,38	
3	Қазақ мәтіндерін зерттеуде статистика элементтерін қолдану мүмкіндіктері	Мақала	“Қазақстанның ғылыми әлемі” журналы. -Шымкент, 2008. -№3 (19). -112-120 б.	0,50	

Университет Ғылыми кеңесінің
ғалым хатшысы

_____ (қолы)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

Кафедра меңгерушісі

_____ (қолы)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

Магистрант

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Сараптама комиссиясының магистрант _____
(магистранттың аты-жөні)

_____ мамандығы
бойынша _____ магистрі
академиялық дәрежесін алуға ұсынылған « _____
_____ » тақырыбындағы магистрлік
диссертациясына

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптама комиссиясы _____ құрамында
магистрант _____
(магистранттың аты-жөні)

_____ мамандығы
бойынша магистр академиялық дәрежесін алуға ұсынылған « _____
_____ » тақырыбындағы магистрлік
диссертациясын сараптан өткізіп, келесі қорытындыға келді.

1. Мамандық бойынша жұмыстың ғылым саласына сәйкестігі.
2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (ғылым мен техниканың даму сұраныстары) байланысы.
3. Магистрлік диссертацияда келтірілген әрбір нәтиженің (ғылыми тұжырымдаманың), қорытындылардың дәлелденуі.
4. Диссертацияда келтірілген әрбір ғылыми нәтижені (тұжырымдама-ны) қорытындылаудың жаңашылдығы.
5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін, теориялық және қолданбалы мәселелерді шешудегі бағытын бағалау.
6. Диссертацияның негізгі мәселелері бойынша басылымдардың толықтылығының, негізгі мәселелердің, қорытындыларының дәлелденуі.
7. Сараптама комиссиясының шешімі.

Сараптама комиссиясының мүшелері:

_____ (қолы) _____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

_____ (қолы) _____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

_____ (қолы) _____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

ПОЛОЖЕНИЕ О МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ

1. Область применения

Настоящее положение устанавливает общие требования к структуре, правилам оформления и организации процедуры защиты магистерских диссертаций. Положение предназначено для магистрантов, научных руководителей магистрантов, заведующих кафедрами, сотрудников отдела послевузовского образования.

2. Нормативные ссылки

В настоящем положении использованы ссылки на следующие нормативные документы:

2.1	Закон Республики Казахстан N319 «Об образовании» от 27 июля 2007 года.
2.2	“Государственный общеобязательный стандарт послевузовского образования”, утвержденный постановлением №1080 Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года.
2.3	“Инструкция по оформлению диссертации и автореферата”, утвержденная приказом №377-3ж Высшим аттестационным комитетом Министерства образования и науки Республики Казахстан от 28 сентября 2004 года.
2.4	“Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в высших учебных заведениях”, утвержденная приказом №125 Министерства образования и науки Республики Казахстан от 18.03.2008 г.
2.5	“Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения”, утвержденная приказом №152 Министерства образования и науки Республики Казахстан от 20.04.2011 г.

3. Термины, определения и сокращения

В настоящем положении применяются термины и определения в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании» от 27.07.2007г., “Государственным общеобязательным стандартом послевузовского образования”, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080.

3.1 Термины и определения

Магистр	– академическая степень, присуждаемая лицам, освоившим профессиональные учебные программы магистратуры
Магистерская диссертация	– обобщение результатов самостоятельной научной и исследовательской работы магистранта в опреде-

3.2 Сокращения

РСИУ	– Региональный социально-инновационный университет
ГАК	– Государственная аттестационная комиссия
ГОСО РК	– Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан
МОН РК	– Министерство образования и науки Республики Казахстан
ОПВО	– Отдел послевузовского образования

4. Ответственность

За исполнение, функционирование настоящего положения ответственность несут научные руководители магистерских диссертаций, заведующие кафедрами.

5. Общие положения

